

<p style="text-align: center;">«ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ Бас директорының 2026 жылғы «18» марта бұйрығымен бекітілген</p>	<p style="text-align: right;">Утвержден приказом Генерального директора АО «МФО ОнлайнКазФинанс» от «18» марта 2026 года</p>
<p style="text-align: center;">Серіктестік туралы шарт (қосылу шарты)</p>	<p style="text-align: center;">Договор о партнерстве (договор присоединения)</p>
<p>Осы Серіктестік туралы шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары осы стандартты нысанда айқындалған (бұдан әрі – Шарт), «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ (бұдан әрі – МҚҰ) мен Серіктес арасындағы қатынастарды реттейді, МҚҰ-дың интернет желісіндегі: www.solva.kz мекенжайында жарияланған және Серіктес тарапынан Шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдануы мүмкін.</p> <p>Серіктестің Шарт талаптарын қабылдауы Серіктес тарапынан Серіктестік туралы шартқа қосылу туралы Өтінішке (бұдан әрі – Өтініш) қол қою арқылы білдіріледі. Серіктес Өтінішті берген күннен бастап Шартқа толық көлемде қосылады, Шарттың талаптарын да, Өтініштің талаптарын да сөзсіз қабылдайды.</p> <p>Шарт, Өтініш, сондай-ақ Шартқа/Өтінішке қосымшалар мен толықтырулар бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, «Серіктестік туралы шарт»/«Шарт» деп аталатын бірыңғай құқықтық құжатты құрайды, МҚҰ мен Серіктес осымен сөзсіз келіседі және осылар бойынша өздеріне қабылдаған барлық міндеттемелерін Шарт жасалған сәтте де, болашақта да растайды.</p> <p>Шарттың жасалған/күшіне енген күні Өтінішке қол қойылған күн болып табылады.</p> <p>Шарт МҚҰ-ның www.solva.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p>	<p>Настоящий Договор о партнерстве является договором присоединения, заключаемым в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского Кодекса Республики Казахстан, условия которого определены данной стандартной формой (далее – Договор), регулируют отношения между АО «МФО ОнлайнКазФинанс» (далее – МФО) и Партнером, опубликованы на сайте МФО в сети интернет по адресу: www.solva.kz и могут быть приняты Партнером не иначе как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>Принятие Партнером условий Договора выражается подписанием Партнером Заявления о присоединении к Договору о партнерстве (далее – Заявление). С даты подачи Партнером Заявления, Партнер присоединяется к Договору в полном объеме, безусловно принимая как условия Договора, так и условия Заявления.</p> <p>Договор, Заявление, а также приложения и дополнения к Договору/Заявлению являются неотъемлемыми частями друг друга, представляют собой единый правовой документ, именуемый «Договор о партнерстве»/«Договор», с чем МФО и Партнер безусловно согласны и подтверждают все принятое по ним на себя обязательства как в момент заключения Договора, так и в будущем.</p> <p>Датой заключения/вступления в силу Договора является дата подписания Заявления.</p> <p>Договор размещен на интернет-ресурсе МФО www.solva.kz.</p>
<p>1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</p> <p>Шартта қолданылатын терминдер, егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса, төмендегі мағыналарды білдіреді:</p> <p>МҚҰ - «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;</p>	<p>1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ</p> <p>Используемые в Договоре термины имеют следующие значения, если иное не следует из контекста:</p> <p>МФО - АО «МФО ОнлайнКазФинанс», юридическое лицо, созданное и осуществляющее свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан;</p>

<p>Серіктес - МҚҰ Шарт жасасатын және Клиенттің өтініші бойынша тауарларға ақы төлеу есебіне ақшалай қаражат аударылатын заңды тұлға;</p> <p>Клиент (Қарыз алушы) - МҚҰ-мен микрокредит шартын жасасқан және Серіктестің есеп шотына микрокредит сомасын аудару туралы өтініш берген жеке тұлға;</p> <p>Клиенттің өтініші - Серіктестің есеп шотына микрокредит сомасын аударуға нұсқауды қамтитын МҚҰ-ға жолданған Клиенттің жазбаша немесе электрондық өкімі;</p> <p>Микрокредит/қызмет құнын аудару - МҚҰ-дың Клиентке микрокредит шарты шеңберінде берген қаржысын Серіктеске қатысты Клиенттің міндеттемелерін орындау мақсатында Серіктестің есеп шотына аудару бойынша операция;</p> <p>Тауар - Клиенттің МҚҰ-дан алынған микрокредит арқылы Серіктестен сатып алатын көлік құралы (автокөлік);</p> <p>Сайт - www.solva.kz МҚҰ-дың интернет – ресурсы.</p>	<p>Партнёр - юридическое лицо, с которым МФО заключает Договор и в адрес которого, по заявлению Клиента перечисляются денежные средства в счёт оплаты товаров;</p> <p>Клиент (Заемщик) - физическое лицо, заключившее договор микрокредита с МФО и подавшее заявление о перечислении суммы микрокредита на расчетный счёт Партнёра;</p> <p>Заявление Клиента - письменное или электронное распоряжение Клиента, адресованное МФО, содержащее указание на перечисление суммы микрокредита на расчётный счёт Партнёра;</p> <p>Перечисление микрокредита/стоимости услуг - операция по переводу МФО денег, предоставленных Клиенту в рамках договора микрокредита, на расчётный счёт Партнёра в целях исполнения обязательств Клиента перед Партнёром;</p> <p>Товар - транспортное средство (автомобиль), приобретаемый Клиентом у Партнера посредством микрокредита, полученного в МФО;</p> <p>Сайт - интернет – ресурс МФО www.solva.kz.</p>
<p align="center">2. ШАРТТЫҢ МӘНІ</p> <p>2.1. МҚҰ Клиенттерге Серіктестің қызметтерін төлеуге мүмкіндік беретін соның ішінде Клиенттің өтініші бойынша микрокредиттің бір бөлігін немесе толық сомасын тікелей Серіктестің есеп шотына аудару арқылы микрокредиттер ұсынады.</p> <p>2.2. МҚҰ қызметтерді, Интернет желісі мен басқа электрондық байланыс және телекоммуникациялық құралдарды, сондай-ақ МҚҰ-дың/Дилердің/Серіктестің/Контрагенттердің бағдарламалық жасақтамасы мен деректер базаларын пайдалана отырып қашықтан көрсетеді.</p> <p>2.3. Серіктес МҚҰ-дан түскен қаражатты Клиенттің сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындау есебінде қабылдайды және Клиентке осындай шарт талаптарына сәйкес Тауарды береді.</p> <p>2.4. Шарт өтеусіз болып табылады. Тараптар оның қорытындысы мен орындалуы МҚҰ мен Серіктес арасында комиссиялар, сыйақылар немесе өзге де төлемдер төлеу жөніндегі міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайтынын растайды.</p>	<p align="center">2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА</p> <p>2.1. МФО предоставляет Клиентам микрокредиты, позволяющие оплатить услуги Партнёра, в том числе посредством перечисления части или всей суммы микрокредита непосредственно на расчётный счёт Партнёра по заявлению Клиента.</p> <p>2.2. МФО оказывает услуги дистанционно, путём использования сети Интернет и иных средств электронной связи и телекоммуникаций, программного обеспечения и баз данных МФО/Дилера/Партнера/Контрагентов.</p> <p>2.3. Партнёр принимает денежные средства, поступившие от МФО, в счёт исполнения обязательств Клиента по договору купли-продажи, и передает Клиенту Товар в соответствии с условиями такого договора.</p> <p>2.4. Договор является безвозмездным. Стороны подтверждают, что его заключение и исполнение не влекут возникновения обязательств по выплате комиссий, вознаграждений или иных платежей между МФО и Партнёром.</p>

<p>3. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ</p> <p>3.1. Шарт Серіктестен сатып алынатын Тауар ақысын төлеу шотына жіберілетін микрокредиттер арқылы МҚҰ Клиенттеріне ақша беру кезінде МҚҰ мен Серіктес арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін реттейді.</p> <p>3.2. Қаржы аударымдары МҚҰ тарапынан тек микрокредиттің бір бөлігін немесе толық сомасын Серіктестің банк есеп шотына аудару жөнінде нұсқау көрсетілетін Клиенттің жазбаша немесе электрондық өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>3.3. Серіктес МҚҰ-дан алынған қаражатты қабылдауға және оны Клиенттің тиісті сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелеріне есептеуге міндеттенеді.</p> <p>3.4. Шартта реттелмеген қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.</p> <p>3.5. Шарт МҚҰ-дың басқа Клиенттеріне микрокредиттер беру және оларды өзге қызметтерге ақы төлеуге жіберу құқығын, сондай-ақ Серіктестің МҚҰ-дың қарыз алушылары болып табылмайтын Клиенттерге қызметтер көрсету құқығын шектемейді.</p> <p>3.6. Тараптар сатып алу-сату шарттары шеңберінде Клиент пен Серіктес арасында туындайтын барлық құқықтық қатынастар тек көрсетілген тұлғалар арасында ғана шешілетінін мойындайды және онымен келіседі. МҚҰ мұндай құқықтық қатынастардың тарабы болып табылмайды, сатып алу-сату шарттары бойынша міндеттемелер алмайды және олардың орындалуына жауап бермейді.</p> <p>3.7. Тараптар бір-бірінен тәуелсіз әрекет етеді, Шартта тікелей көзделгеннен басқа бірлескен кәсіпорын, агенттік, еңбек немесе өзге де қатынастар құрылмайды.</p>	<p>3. ОБЩИЕ УСЛОВИЯ ДОГОВОРА</p> <p>3.1. Договор регулирует порядок взаимодействия между МФО и Партнёром при предоставлении Клиентам МФО денег посредством микрокредитов, направляемых в счёт оплаты Товара, приобретаемого у Партнёра.</p> <p>3.2. Перечисление денег осуществляется МФО исключительно на основании письменного или электронного заявления Клиента, в котором содержится указание на перечисление части или всей суммы микрокредита на банковский счёт Партнёра.</p> <p>3.3. Партнёр обязуется принимать денежные средства от МФО и засчитывать их в счёт обязательств Клиента по соответствующему договору купли-продажи.</p> <p>3.4. К отношениям, не урегулированным Договором, применяются положения действующего законодательства Республики Казахстан.</p> <p>3.5. Договор не ограничивает право МФО предоставлять микрокредиты другим Клиентам и направлять их на оплату иных услуг, а также право Партнёра оказывать услуги клиентам, не являющимся заёмщиками МФО.</p> <p>3.6. Стороны признают и соглашаются, что все правоотношения, возникающие между Клиентом и Партнёром в рамках заключаемых ими договоров купли-продажи, разрешаются исключительно между указанными лицами. МФО не является стороной таких правоотношений, не несёт обязательств по договорам купли-продажи и не отвечает за их исполнение.</p> <p>3.7. Стороны действуют независимо друг от друга, Договором не создаётся совместное предприятие, агентские, трудовые или иные отношения, кроме прямо предусмотренных в нём.</p>
<p>4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</p> <p>4.1. <u>МҚҰ-дың міндеттері:</u></p> <p>4.1.1. Клиенттерге қолданыстағы заңнамада және МҚҰ-дың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда микрокредиттер беру.</p> <p>4.1.2. Клиенттің жазбаша немесе электрондық өтініші бойынша Клиенттің сатып алу-сату шарты бойынша</p>	<p>4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>4.1. <u>Обязанности МФО:</u></p> <p>4.1.1. Предоставлять Клиентам микрокредиты в порядке и на условиях, установленных действующим законодательством и внутренними документами МФО.</p> <p>4.1.2. По письменному или электронному заявлению Клиента перечислять денежные средства (полностью или частично) на банковский счёт Партнёра для исполнения</p>

<p>міндеттемелерін орындау үшін ақшалай қаражатты (толық немесе ішінара) Серіктестің банктік шотына аудару.</p> <p>4.1.3. Түскен төлемді сәйкестендіру үшін қажетті төлемнің мақсаты мен Клиенттің деректері туралы Серіктесті хабардар ету.</p> <p>4.1.4. Шартта көрсетілген Серіктестің алдындағы өз міндеттемелерінің толық, адал және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету.</p> <p>4.1.5. Осы Шартты орындау шеңберінде Клиенттерден алынған дербес деректердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.</p> <p>4.2. <u>МҚҰ-дың құқықтары:</u></p> <p>4.2.1. Серіктестен ақшаның түсу фактісі және оны Клиенттің міндеттемелері есебіне алу туралы ақпаратты сұрату.</p> <p>4.2.2. Серіктестен Клиентпен жасалған сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы растау алу.</p> <p>4.2.3. Өз қалауы бойынша Микрокредит беруден бас тартуға.</p> <p>4.2.4. Клиентті Сайтта сәйкестендіру және тіркеу бойынша өз талаптары мен шарттарын, соның ішінде заңнама талаптарына сәйкес анықтау.</p> <p>4.2.5. МҚҰ құжаттарының нысанын, санын және мазмұнын айқындауға, өзгертуге, толықтыруға: Сауалнамалар, Оферталар, Клиент қол қоятын келісімдер, қосымша мәселелер, интернет-платформада Клиентті тіркеу және микрокредитті рәсімдеу кезінде Клиент толтыратын микрокредит беру туралы шарт.</p> <p>4.2.6. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда, олар шешілгенге дейін Серіктесте ақша аударуды тоқтата тұру.</p> <p>4.2.7. Қажет болған жағдайда Серіктестен көлік құралын бағалауды сұратуға, бұл ретте көлік құралының жай-күйі де, оның нарықтық құны да бағалауға жатады.</p> <p>4.3. <u>Серіктестің міндеттері:</u></p> <p>4.3.1. Клиенттің өтініші бойынша МҚҰ аударатын ақшаны қабылдау және оны сатып алу-сату шарты бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындау есебіне есептеу.</p> <p>4.3.2. Сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау.</p>	<p>обязательств Клиента по договору купли-продажи.</p> <p>4.1.3. Информировать Партнёра о назначении платежа и данных Клиента, необходимых для идентификации поступившего платежа.</p> <p>4.1.4. Обеспечить полное, добросовестное и своевременное исполнение своих обязательств перед Партнером, указанных в Договоре.</p> <p>4.1.5. Обеспечивать сохранность и конфиденциальность персональных данных Клиентов, полученных в рамках исполнения настоящего Договора.</p> <p>4.2. <u>Права МФО:</u></p> <p>4.2.1. Запрашивать у Партнёра информацию о факте поступления денег и их зачисления в счёт обязательств Клиента.</p> <p>4.2.2. Получать от Партнёра подтверждение исполнения обязательств по договору купли-продажи, заключенному с Клиентом.</p> <p>4.2.3. Отказаться в выдаче Микрокредита по своему усмотрению.</p> <p>4.2.4. Определять собственные требования и условия по идентификации и регистрации Клиента на Сайте, в том числе в соответствии с требованиями законодательства.</p> <p>4.2.5. Определять, изменять, дополнять форму, количество и содержание документов МФО: Анкеты, Оферты, подписываемых Клиентом согласий, дополнительных вопросов, договора о предоставлении микрокредита, заполняемых Клиентом при прохождении регистрации Клиента и оформлении Микрокредита на интернет-платформе.</p> <p>4.2.6. Приостанавливать перечисление денег Партнёру в случае возникновения спорных ситуаций до их урегулирования.</p> <p>4.2.7. В случае необходимости запросить у Партнера оценку транспортного средства, при этом оценке подлежит как состояние транспортного средства, так и его рыночная стоимость.</p> <p>4.3. <u>Обязанности Партнёра:</u></p> <p>4.3.1. Принимать деньги, перечисляемые МФО по заявлению Клиента, и засчитывать их в счёт исполнения обязательств Клиента по договору купли-продажи.</p> <p>4.3.2. Надлежащим образом исполнять обязательства по договору купли-продажи.</p> <p>4.3.3. Соблюдать законодательство о защите персональных данных и обеспечивать конфиденциальность информации о Клиентах.</p>
--	--

<p>4.3.3. Дербес деректерді қорғау туралы заңнамасын сақтауға және Клиенттер туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.</p> <p>4.3.4. Клиент көлік құралын сатып алудан бас тартқан жағдайда, МҚҰ-дан алынған микрокредиттің толық сомасын МҚҰ-ға қайтару.</p> <p>4.3.5. Клиент МҚҰ берген микрокредит есебінен төленген Тауарды қайтарған жағдайда 5 (бес) жұмыс күн ішінде МҚҰ микрокредит сомасын қайтару.</p> <p>4.4. <u>Серіктестің құқықтары:</u></p> <p>4.4.1. Клиенттің өтініші бойынша аударылған ақшаны МҚҰ-дан алу.</p> <p>4.4.2. Төлемді сәйкестендіру үшін МҚҰ-дан қажетті ақпаратты сұрату.</p>	<p>4.3.4. В случае отказа Клиента от приобретения транспортного средства, вернуть МФО всю сумму микрокредита, полученную от МФО.</p> <p>4.3.5. В случае возврата Клиентом Товара, оплаченного за счет микрокредита, предоставленного МФО, в течение 5 (пяти) рабочих дней вернуть МФО сумму микрокредита.</p> <p>4.4. <u>Права Партнёра:</u></p> <p>4.4.1. Получать деньги от МФО, перечисленные по заявлению Клиента.</p> <p>4.4.2. Запрашивать у МФО информацию, необходимую для идентификации платежа.</p>
<p>5. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ</p> <p>5.1. Шарт шеңберінде Тараптар электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалана отырып немесе мессенджерлерді (whatsapp және өзге де келісілген байланыс арналарын) пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы ақпарат алмасады.</p> <p>5.2. Тараптар МҚҰ Клиентке тиісті микрокредит берілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні аяқталуынан кешіктірмей Серіктестің банктік шотына ақша аударуды жүзеге асыратынымен келіседі.</p> <p>5.3. Клиент МҚҰ-ға микрокредит беру және микрокредиттің бір бөлігін немесе толық сомасын Серіктестің банктік шотына аудару туралы өтінішпен жүгінеді.</p>	<p>5. ПОРЯДОК ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СТОРОН</p> <p>5.1. В рамках Договора Стороны обмениваются информацией электронным способом с использованием систем электронного документооборота или по электронной почте, с использованием мессенджеров (whatsapp и иных согласованных каналов связи).</p> <p>5.2. Стороны соглашаются, что МФО осуществляет зачисление денег на банковский счёт Партнёра не позднее окончания следующего рабочего дня, следующего за датой предоставления соответствующего микрокредита Клиенту.</p> <p>5.3. Клиент обращается в МФО с заявлением о предоставлении микрокредита и перечислении части или всей суммы микрокредита на банковский счёт Партнёра.</p>
<p>6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</p> <p>6.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік артады.</p> <p>6.2. МҚҰ Серіктестің сатып алу-сату шарты бойынша Клиент алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік артпайды. Сатып алу-сату шарттарынан туындайтын барлық даулар мен талаптар тек Клиент пен Серіктес арасында шешіледі.</p> <p>6.3. Кез келген Тарап аударған немесе алған сомалардың дұрыс есептелмегені анықталған жағдайда, артық төленген/жетіспейтін сома екінші Тарапқа жазбаша өтініш берілген күннен бастап 3</p>	<p>6. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</p> <p>6.1. Стороны несут ответственность за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> <p>6.2. МФО не несёт ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение Партнёром своих обязательств перед Клиентом по договору купли-продажи. Все споры и претензии, вытекающие из договоров купли-продажи, разрешаются исключительно между Клиентом и Партнёром.</p> <p>6.3. В случае обнаружения неверного зачисления сумм, перечисленных или полученных любой из Сторон, переплаченная/недостающая сумма возвращается/доплачивается другой Стороной в течение 3 (трех) рабочих дней с момента</p>

<p>(үш) жұмыс күні ішінде қайтарылуы/орны толтырылуы тиіс. Аударым бойынша шығындарды төлеуші көтереді.</p>	<p>предоставления письменного заявления Стороны. Расходы по перечислению несет плательщик.</p>
<p>7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ</p> <p>7.1. Шартты орындау барысында туындаған барлық келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді. Талап оны алған Тарапқа берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.</p> <p>7.2. Егер Тараптар келісімге қол жеткізе алмаса, онда Шарттан туындаған кез келген дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкердің орналасқан жері бойынша сот тәртібінде қарастырылады.</p>	<p>7. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ</p> <p>7.1. Все разногласия, возникшие при исполнении Договора, Стороны обязуются решать путём переговоров. Претензия подлежит рассмотрению не позднее 10 (десять) рабочих дней с даты ее получения получающей Стороной.</p> <p>7.2. Если Сторонам не удастся достичь согласия, то любой спор, возникший из Договора, рассматривается в судебном порядке согласно законодательству Республики Казахстан по месту нахождения ответчика.</p>
<p>8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ</p> <p>8.1. Егер орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш (форс-мажор) оқиғаларының салдарынан туындағанын дәлелдесе, Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.</p> <p>8.2. Еңсерілмейтін күш оқиғаларының басталуы туралы ақпарат алған кезде зардап шеккен Тарап екінші Тарапты осындай оқиғалардың басталғаны туралы дереу хабардар етуге, екінші Тарапқа осындай оқиғалар туралы екінші Тарапқа осындай оқиғалар туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге, сондай-ақ еңсерілмейтін күш оқиғаларының жалғасатын мерзімінің негізделген бағасын беруге міндеттенеді. Осы мән-жайлардың басталғаны туралы оларға сілтеме жасайтын Тарап екінші Тарапқа уәкілетті органның/ұйымның жазбаша растамасын беруге тиіс.</p>	<p>8. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ</p> <p>8.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору, если докажет, что неисполнение или ненадлежащее исполнение возникло вследствие событий непреодолимой силы (форс-мажор).</p> <p>8.2. При получении информации о наступлении событий непреодолимой силы, затронутая Сторона обязуется незамедлительно уведомить другую Сторону о наступлении таких событий, предоставить другой Стороне подробную информацию о таких событиях, а также обоснованную оценку срока, в течение которого такие события непреодолимой силы будут продолжаться. О наступлении данных обстоятельств, Сторона, ссылающаяся на них, должна предоставить подтверждение уполномоченного органа.</p>
<p>9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ</p> <p>9.1. Тараптар осы Шарт талаптарының және Тараптардың бірі құпия ақпарат ретінде ашқан барлық ақпараттың немесе өзінің сипаты бойынша: микрокредиттер беру рәсімдері туралы ақпаратты; Клиенттер мен олардың міндеттемелері туралы деректерді; Тараптардың ішкі құжаттары мен процестерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, құпия ретінде қаралуы тиіс ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.</p>	<p>9. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ</p> <p>9.1. Стороны обязуются соблюдать конфиденциальность условий настоящего Договора и всей информации, раскрытой одной из Сторон в качестве конфиденциальной информации либо информации, которая по своему характеру должна рассматриваться как конфиденциальная, включая, но не ограничиваясь: информацией о процедурах предоставления микрокредитов; данными о Клиентах и их обязательствах; внутренними документами и процессами Сторон.</p>

<p>9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген немесе осы Шартты орындау үшін қажетті жағдайларды қоспағанда, Тараптардың құпия ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға құқығы жоқ.</p> <p>9.3. Осы баптың ережелері Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде күшінде қалады.</p>	<p>9.2. Стороны не вправе раскрывать конфиденциальную информацию третьим лицам без предварительного письменного согласия другой Стороны, за исключением случаев, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан или необходимых для исполнения настоящего Договора.</p> <p>9.3. Положения настоящей статьи остаются в силе после окончания срока действия или прекращения Договора в течение 3 (трех) лет.</p>
<p>10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР</p> <p>10.1. Шарт бойынша Тараптың өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.</p> <p>10.2. Тараптардың әрқайсысы атауының, деректемелерінің, телефон және факс нөмірлерінің, мекенжайының өзгергені туралы екінші Тарапқа мұндай өзгерістер орын алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.</p> <p>10.3. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және егер осы Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, Тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.</p> <p>10.4. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалған, мәтіндерде сәйкессіздік туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.</p> <p>10.5. Серіктес МҚҰ-дың атынан қол ретінде факсимильді құралдарды (қолды факсимильді/электрондық көшіру), сондай-ақ МҚҰ-дың мөрін электрондық көшіруді пайдаланған кезде Шарт жасасу мүмкіндігімен келісті.</p> <p>10.6. Тараптар МҚҰ атынан қол ретінде факсимильдік құралдарды (қолды факсимильдік/электрондық көшіру), сондай-ақ МҚҰ-дың мөрін электрондық көшіру кезінде жасалған Шарт түпнұсқа болып табылатынымен келісті.</p> <p>10.7. Тараптар Шарт жасасу, Серіктес тарапынан Өтініштер беру кезінде өз қолымен қол қою арқылы, немесе бірінші қол қою құқығымен Серіктестің басшысына берілген электрондық цифрлық қолтаңбаға (ЭЦҚ) қол қою арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екендігімен келісті.</p>	<p>10. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ</p> <p>10.1. Сторона не вправе передавать свои права и обязательства по Договору третьим лицам без предварительного письменного согласия другой Стороны.</p> <p>10.2. Каждая из Сторон обязуется уведомлять другую Сторону об изменении ее наименования, реквизитов, номеров телефона и факса, адреса не позднее, чем спустя 10 (десять) календарных дней с момента таких изменений</p> <p>10.3. Настоящий Договор вступает в силу с момента его подписания Сторонами и действует до полного исполнения обязательств Сторонами, если иное не предусмотрено условиями настоящего Договора.</p> <p>10.4. Настоящий Договор составлен на казахском и русском языках, в случае возникновения расхождений в текстах, приоритет имеет текст на русском языке.</p> <p>10.5. Партнер согласен с возможностью заключения Договора при использовании в качестве подписи от имени МФО факсимильных средств (факсимильного/электронного копирования подписи), а также электронного копирования печати МФО.</p> <p>10.6. Стороны соглашаются, что Договор, заключенный при использовании в качестве подписи от имени МФО факсимильных средств (факсимильного/электронного копирования подписи), а также электронного копирования печати МФО является оригиналом.</p> <p>10.7. Стороны договорились, что заключение Договора, Заявления со стороны Партнера может осуществляться собственноручным подписанием либо путем подписания электронной цифровой подписью (ЭЦП), выданной на руководителя Партнера, с правом первой подписи.</p> <p>10.8. Подпись Партнера на соответствующем Заявлении, в котором имеется ссылка на настоящий Договор свидетельствует о том, что</p>

<p>10.8. Серіктестің осы Шартқа сілтеме жасалған тиісті Өтінішке қол қоюы Серіктестің: а) осы Шарттың талаптарын алғанын, оқығанын, түсінгенін және оларға толық көлемде қосылғанын, ешбір ескертпе немесе қарсылықсыз, барлық талаптарды уақтылы және толық орындауға міндеттенетінін; б) осы Шарт талаптарын орындамау немесе дұрыс орындамаудың ықтимал теріс салдарына өз жауапкершілігін қабылдайтынын және онымен келісетінін; в) егер МҚҰ-да Серіктес қол қойған, соның ішінде электрондық түрде, Өтініш болса, осы Шартта өзінің қолы жоқтығын Шартты алмағанының дәлелі ретінде сілтеуге құқылы еместігін куәландырады.</p> <p>10.9. Тараптар Серіктестен алынған құжаттардың, соның ішінде Өтініштің, Шартқа қосымша келісімдердің, Шарттың 11.7-бабында көрсетілген кез келген тәсілмен қол қойылған құжаттардың заңды күшін мойындайды.</p> <p>10.10. МҚҰ-дың пошта мекенжайы: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сейфуллин даңғылы 502, «TURAR» БО, 9-шы қабат.</p>	<p>Партнер: а) получил, прочитал, понял и согласен с положениями настоящего Договора, присоединился к ним в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все их положения; б) принимает на себя и согласен с возможными неблагоприятными последствиями неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений настоящего Договора; в) не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на настоящем Договоре как на доказательство того, что настоящий Договор не был им получен, если у МФО имеется Заявление, подписанное Партнером, в том числе электронно.</p> <p>10.9. Стороны признают юридическую силу документов, полученных от Партнера, в том числе Заявления, дополнительных соглашений к Договору, подписанных одним из способом, предусмотренных п.11.7 Договора.</p> <p>10.10. Почтовый адрес МФО: 050012, РК, г. Алматы, пр. Сейфуллина 502, БЦ «TURAR», 9-й этаж.</p>
--	--